

"Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 15 қыркүйектегі № 526-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 17 қыркүйекте № 24394 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы № 142 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10587 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Биржалық тауарлардың тізбесінде:
реттік нөмірі 4-жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	битум	мұнай битумы	2713 20 000 0	Ағымдағы өндірістік жылдың ішкі нарығына жеткізуге жоспарланған битумның жалпы жылдық көлемінің 10% - ы . Өзіне меншік құқығымен тиесілі көмірсутек шикізатынан өндірілген битумды өндіруші, битумның меншік иесі.
	автомобиль бензині***	автомобиль бензині октандық саны 92 немесе одан да көп, бірақ 95-тен кем	2710 12 413 0	
	автомобиль бензині***	автомобиль бензині октандық саны 95 немесе одан да көп, бірақ 98-тен кем	2710 12 450 0	
	автомобиль бензині***	автомобиль бензині октандық саны 98 немесе одан да көп	2710 12 490 0	
Мұнай өнімдері	реактивті қозғалтқыштарға арналған отын** *	реактивті қозғалтқыштарға арналған отын	2710 19 210 0	
	дизель отыны** *	жазғы дизель отыны	2710 19 421 0	

	дизель отыны** *	қысқы дизель отыны	2710 19 422 0	
	дизель отыны** *	арктикалық дизель отыны	2710 19 423 0	
	дизель отыны** *	маусымаралық дизель отыны	2710 19 424 0	
	дизель отыны** *	өзге дизель отыны	2710 19 425 0	

".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Ішкі сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
сауда және интеграция министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі